

## УГОЛОВНОЕ ПРАВО И КРИМИНАЛИСТИКА

*Г. Қуаналиева*

### ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТУ ҚАЖЕТ ПЕ

Қазіргі таңда заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі кеңінен талқыланып жүр. Әрине өзекті, әрі күрмеуі қалың заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы бір күнде шешіле қоятын мәселе емес. Дегенімен күн озған сайын осы тақырыптың көтерілу белсенділігі, оған ғалымдардың, тәжірибелік қызметкерлердің қатысуы күнен-күнге артуда.

2001 жылы біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев құқық қорғау және қолдану органдарының қызметкерлерімен жүргізген координациялық кеңесте ресми түрде алғашқы рет кейбір қылмыс түрлеріне қатысты заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін ұсынған болатын.

Қазіргі қылмыстық құқық ғылымында, қылмыс субъектісі, қылмыс құрамының бір элементі ретінде, қылмыс жасаған тұлғаны сипаттайтын қылмыстық құқықтық белгілердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Қылмыс субъектісінің міндетті қылмыстық құқықтық белгілері Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің /ҚРҚК/ 14 бабының 1 бөлігінде көрсетілгендей есі дұрыстық, жеке тұлға яғни адам және қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толу. [1, 6]. Бұл қылмыстық құқықтағы дәстүрлі тұжырымды көптеген ғалым-заңгерлер мойындайды және оны ешқандай да өзгерткісі келмейді. Атап айтқанда, А.Н.Ағыбаев, Г.Ы.Баймурзин және т.б. Олардың пікірінше, заңды тұлғаларға жазаның мақсаттарын қолдануға болмайды, сондай-ақ, кеңес қылмыстық құқығындағы әрекет еткен кінә тұжырымдамасы оған кереғар келеді.[2]. Сонымен қатар, С.С.Молабаев: «Қазіргі кезеңде Қылмыстық кодекске заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы арнаулы норманы енгізуді дұрыс емес деп ойлаймыз, оның өзі 1997 жылы қабылданған жаңа Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы бөлімінің нормаларының мазмұнынан көрініп тұр».[3, 9 6]. Ал Ресей заңгерлерінің ішінде, М.И.Бажанов, Г.Н.Борзенков, Л.Д.Ермакова Н.Ф.Кузнецова, Л.К.Савюк және т.б. Яғни заңгерлердің осы тобы заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тартуды қолдамайды. Оған мүлдем қарсылығын білдіреді. Бұл топтағы ғалымдардың пікірлерін талдап, келесі мән-жайларды көрсетуге болады:

- Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы ҚРҚК-ң құрылысының, соның ішінде қылмыстық заңның жалпы бөлімінің толықтай өзгеруіне негіз болады.

- Заңды тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылықты белгілеу, қылмыстық құқықтағы негізгі қағидалар, жеке және кінәлі жауаптылық қағидаларына қайшы келеді.

- Қылмыстық құқықтағы жауаптылық қылмыс жасаған адамның санасымен, яғни өзі жасаған іс-әрекетіне есеп беру және басқара алу қабілетіне қатысты болып табылады. Кінә, адамның өзінің жасаған іс-әрекетіне деген психикалық қатынасы. Заңды тұлғаларда, кінә деген санат әрине жоқ.

- Заңды тұлғалар қылмыстық заңның шеңберінде қалай жазаланады, яғни оларға қатысты қандай жауаптылық тағайындалмақ деген мәселе.

- Заңды тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылықты енгізу өзге құқық салалары, атап айтқанда азаматтық, әкімшілік құқық салалары мен қылмыстық құқық салаларының шеңберін ажырату қиынға соғып, бұл салалардың арасында нақты ажырату белгісін салу мүмкін болмай қалатынын айтады.

Заң әдебиеттерін талдай отырып және бізбен жүргізген сауалнама негізінде, ғалымдардың екінші тобы, заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту қажет деген пікірді ұстануда. Өйткені заңды тұлғалардың қызметінен келтірілетін зардап мөлшері жеке тұлғамен келтірілетін зардаптап әлдеқайда көп деп түсіндіріледі. Олардың пікірінше, барлық қылмыстарға қатысты емес, экономикалық, экологиялық қылмыстарға қатысты заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы қылмыстық заңда реттелуі қажет деген ұсыныстар жасауда. Бұл топтағы ғалымдарға: Ю.А.Антонова, Б.В.Волженкин, С.Г.Келина, А.В.Наумов, А.С.Никифоров және т.б. жатқызуға болады.

Көптеген ғалымдардың айтуынша, егер де біз заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы норманы заңдастыратын болсақ, онда қылмыстық құқықтағы дәстүрлі қағида адамның жеке жауаптылық қағидасынан еріксіз түрде бас тартатынымызды айтады.

Құқықта 100 жылға жуық уақыт шамасында сонау рим құқығымен жарияланған заңды тұлғалар қылмыс жасай алмайды деген қағида билік етті. Бірақ та тарихқа көз жүгіртсек, «заңды тұлғалар» деген санатты тұңғыш рет ежелгі римдіктерден кездестіреміз. Рим заңгерлері «заңды тұлға» деген ұғымды ашып көрсетпесе де, олар ұжымдық құрылымдардың белгілерін (universitas) сол кездің өзінде-ақ көрсеткен болатын. [4, 27].

Бірақ, ғылым бар жерде жаңалық пен өзгеріс, даму мен ілгеріс болады. Сондықтан да дәстүрлі көзқарастардан өзгеше пікірлерді ұстанатын ғалымдар әруақытта табылады. Қылмыстық құқық теориясында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені алғашқылардың бірі болып көтерген А.Трайнин болды. [5, 295-297, 298].

Мәселен, С. Познышев, заңды тұлғаларды қылмыс субъектісі ретінде тану мүмкіндігі туралы былай дейді: Бұл мәселені шешу үшін, біз сұрақты әдеттен тыс басқаша қоюымыз керек, яғни заңды тұлғалар өз табиғатына сай қылмыс жасай алады ма деп қоймауымыз керек. Мемлекеттің жазалаудағы негізгі қағидалары тарапынан заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін бе деп қоюымыз қажет. Сұрақты осылай қоюдың пайдасы, заңды тұлғалардың өзіндік табиғаты туралы даулы сұрақтың ауырлығын, қылмыстық сот әділдігінің негізгі қағидаларына ауыстырады. Оның негізін түсіндіре отырып А.Трайнин былай дейді, азаматтық құқықтық жауаптылық өздігінен туындамайды, өкілдігі бар жеке тұлғамен жасалған әрекеттің құқықтық салдары заңды тұлғаға ауысқанда, одан көрініс тапқанда ғана пайда болады. Автордың пікірінше, заңды тұлға өздігінен ешқандай әрекет жасай алмайды деген көзқараспен заңды тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды деген пікір жасауға болмайды. Мәселе басқаша қойылуы керек, белгілі жағдайларда заңды тұлғаға жеке тұлғамен келтірілген тек қана саяси, азаматтық емес сонымен қатар, қылмыстық құқықтық салдарды ауыстыруға болады ма деп қоюымыз керек. А.Трайнин және С.Познышев бұл сұраққа бір жақты жауап береді.

Дегенімен теориялық тұрғыда қылмыстық құқықтағы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы бірқатар шетелдерде мысалы, АҚШ, Франция, Голландия, Италия, Германияда, Қытайда т.б., заңдастырылған. Дүние жүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жетекші шет мемлекеттер заңды тұлғаларды қылмыстық құқық субъектісі ретінде таныған. Мәселен, ағылшын құқығы, заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігінен бас тартпайды. Мысалы, корпорация сотталуы мүмкін және «келтірілген зиян үшін» немесе заңмен жүктелген қандай да бір міндетті орындамай әрекетсіздік ету немесе билікті асыра пайдаланғаны үшін «пасквиль» /ляйвель/ түрінде айыппұлға тартылуы мүмкін.

Шетелдің қылмыстық заңнамасы заңды тұлғаларға қылмыстық жауаптылық белгілеп ауқымды тәжірибе жинады. Мысалы, АҚШ-да Огайо штатының қылмыстық кодексінің 2901.23 параграфында былай делінген: Ұйым қылмыстық қол сұғушылыққа кінәлі деп танылуы мүмкін, егер ұйымға заңмен жүктелген қандайда бір нақты міндет орындалмаса және осы кінәлі іс әрекеттерді рұқсат беру, бұйрық беру т.б. жолдармен директорлар кеңесі, сенімді меншік иелері, серіктестіктің мүшелері, басқару органының лауазымды тұлғалары немесе ұйым қызметкерлері мен агенттері өз өкілеттіктерін асыра пайдалану негізінде жасауы негіз болып табылады. [6, 159-160].

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын Францияның Қылмыстық Кодексінде де белгілеу ұсынылды. Кодексте «заңды тұлғалар ақшалай жазаға және мүліктік сипаттағы қауіпсіздікті қаматамыз ететін шараларға тартылуы мүмкін делінген». Көп жағдайда заңды тұлғаларға айыппұл түріндегі жаза тағайындалады. [7].

Корпорация санының көбеюіне байланысты мемлекеттер, заңды тұлғалардың қылмыс жасауына байланысты қорғану шараларын белгілеуге де тырысқан. Бұл мәселе халықаралық деңгейде де талқыланған болатын. Мысалы, 1953 жылы Римде өткізілген қылмыстық құқық бойынша 4 Халықаралық конгресте; 1957 жылы Афинада өткізілген 7 халықаралық конгресте: заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы және оларға қатысты жазалау сакцияларын қолдану мүмкіндігі туралы айтылған болатын.

1979 жылы Қылмыстық құқықтың Халықаралық ассоциациялар 12 конгресінде қылмыстық құқықтың аясын кеңейтіп заңды тұлғаларға қатысты тауар өндіруге тиым салу, кәсіпорындарды жабу, ерекше жағдайларда бас бостандығынан айыру мәселелері ұсынылған.

1930 жылғы Италияның қылмыстық заңдылығы бойынша заңды тұлғалар, олардың өкілдерінің жасаған қылмыстары үшін айыппұл түріндегі қылмыстық жазалауға тартылады. [8, 47].

Швецарияның қылмыстық құқығы бойынша, қылмыс субъектісі ретінде тек қана жеке тұлға танылады. Бірақ кейбір арнаулы заңдар, заңды тұлғалардың органдары қылмыстық іс әрекет жасаған уақытта заңды тұлғаларға қылмыстық жауаптылық белгілейді.

ТМД елдеріне қатысты Литва және Молдова Республикаларында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы көрсетілген. 26 қаңтар 2000 жылғы Литва Республикасы Қылмыстық кодексінің 20 бабында, қылмыстық кодекстің Арнаулы бөлімінде көрсетілген қылмыстық іс әрекеттерді жасағаны үшін ғана заңды тұлға жауаптылыққа тартылады деген норма бар. 18 сәуір 2002 жылы қабылданған Молдова Республикасының Қылмыстық кодексінің 21 бабына сәйкес, заңды тұлға қылмыс субъектісі болып табылады.

Ал Жапон қылмыстық заңдылығы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын көздемейді. Сондай-ақ, Ресей, Болгария, Венгрия, Монғол халық республикасы және басқа да елдерде, әсіресе ТМД елдерінің көпшілігінде қылмыс субъектісі ретінде жеке тұлға танылады.

Соңғы кезде экономикалық саладағы қылмыстарды зерттеп жүрген ғалымдардың көпшілігі осы салада заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін қозғап жүр. Сонымен қатар, экологиялық қылмыстарға қатысты заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту И.Борчашвили, Э.Жевлаков, С.Куставлетов, А.Плешаков және т.б., ғалымдардың қолдауын табуда. Бұл мәселеге қатысты, табиғатты қылмыстық-құқықтық қорғауға арналған екі докторлық диссертацияны атап өтуге болады. А.Ф.Повелицина заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығына қатысты көптеген көзқарастрады ой елегінен өткізіп, талдау жасап заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі туралы сұрақты қояды. [9, 258-274]. Ал Э.Н. Жевлаков болса, бұл сұрақты қорғауға ұсынады. «Заңды тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа өз қызметкерлерінің шаруашылық қызмет процесі негізінде абайсызда жасалған, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүддесі үшін жасалған қасақана әрекеттер үшін жауапты болады» деп көрсетеді. [10, 41].

Сайып келгенде, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы әлі де болса зерттеуді талап ететін өзекті мәселе, алдағы уақытта мақалада көрсетілген заңгерлердің тұжырымдарын және өзге де мамандардың

пікірлерін, сондай-ақ шетел тәжірибесін ескере отырып өзіміздің қылмыстық заңдылығымызға сай, дұрыс әрі сапалы өзгерістер мен толықтыруларды енгізуіміз қажет.

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2010. – 144 б.
2. Государство и право. №3, №7, 1992.
3. Молдабаев С.С. Проблемы субъекта преступления в уголовном праве Республики Казахстан. Монография. – Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1998. – 156 с.
4. Грешников И.П. Субъекты гражданского права: юридическое лицо в праве и законодательстве. СПб., 2002 С. 27.
5. Трайнин А.Н. Избранные произведения. Защита мира и уголовный закон. – М., 1969.
6. Уголовное право буржуазных стран. Общая часть: - Сборник законодательных актов. – Университет Дружбы народов / Под ред., Н.Н. Игнатова, И.Д. Козачкина. М., 1990. – 250 с.
7. Новый Уголовный кодекс Франции.
8. Итальянский уголовный кодекс 1930 г.
9. Повелицина А.Ф. Уголовно-правовая охрана природы СССР. Дисс. на соиск.... докт. юрид. наук. – Ашхабад, 1991.
10. Жевлаков Э.Н. Экологические преступления: понятие, виды и проблемы ответственности. Авторферат дисс. на соиск.... докт. юрид. наук. – М., 1992.

\*\*\*

In given article the author considers the criminal liability of legal bodies in the foreign legislation of some countries. Besides, investigates necessity of attraction of legal bodies to the criminal liability under the Republic Kazakhstan criminal code.

\*\*\*

В данной статье автор рассматривает уголовную ответственность юридических лиц в зарубежном законодательстве некоторых стран. Кроме того, исследует необходимость привлечения юридических лиц к уголовной ответственности по уголовному кодексу Республики Казахстан.

*Л.Е. Ахметова*

### **УГОЛОВНАЯ ПОЛИТИКА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И ОПАСНЫХ ВЫЗОВОВ И УГРОЗ XXI ВЕКА**

На сегодняшний день с учетом имеющегося опыта применения действующего Уголовного кодекса Республики Казахстан можно с уверенностью говорить о его несомненной прогрессивности в плане соответствия обновившимся правоотношениям в республике и реалиям борьбы с преступностью. Уголовный кодекс Республики Казахстан безусловно совершеннее своего предшественника. Он отличается от него и концептуально, и структурно, и содержанием конкретных уголовно-правовых норм [1].

Вместе с тем, как совершенно верно отмечается в Указе Президента РК «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года», что фундаментальные изменения, происходящие в мировой экономике и политике, процессы глобализации, а также внутренняя динамика развития страны не позволяют останавливаться на достигнутом. В целях обеспечения соответствия национального права новым вызовам времени необходимо дальнейшее совершенствование нормотворческой и правоприменительной деятельности государства [2].

XX век - переломный не только в мировой социальной истории, но и в самой судьбе человечества. Принципиальное отличие уходящего столетия от всей предыдущей истории состоит в том, что человечество утратило веру в свое бессмертие. Ему стало доступно понимание того, что его господство над природой не беспредельно и чревато гибелью его самого. Если даже удастся избежать мировой ядерной войны, угроза существованию человечества на Земле все равно остается, ибо планета не выдержит непосильной нагрузки, которая образовалась в результате деятельности человека. Все более очевидно, что историческая форма существования человека, которая позволила ему создать современную цивилизацию, со всеми ее, казалось, беспредельными возможностями и удобствами, породила множество проблем, требующих кардинальных решений - и при том безотлагательно. В принципе это возможно. XX век многому научил людей. А сформировавшаяся и укрепляющаяся социально-экономическая и политико-информационная взаимосвязь всех частей мирового сообщества создает объективные предпосылки для того, чтобы общими усилиями справиться с угрозой “ползучей катастрофы”, решать глобальные проблемы на планетарном уровне.

В этом смысле XX век положил начало переходу к новой эпохе, а его конец предстает роковой развилкой, когда человечество должно найти ответы на вызовы грядущего. Плыть по течению или, используя знания, опыт и сами процессы глобализации, попытаться найти ответы на вызовы времени?

К одним из многих опасных и главных вызовов XXI века можно отнести следующие:

1. Экологический кризис - главный вызов цивилизации. В XX веке технологическая цивилизация пришла в угрожающий конфликт с биосферой, которая миллиарды лет формировалась как система, обеспечившая непрерывность жизни и оптимальность окружающей среды. Не решив социальных проблем для большинства человечества, техногенное развитие цивилизации привело к разрушению среды обитания. Эколого-социальный кризис стал реальностью XX века.

2. В экономике, науке, технике глобализация проявляет себя наиболее интенсивно. Транснациональные корпорации и банки, неуправляемые финансовые потоки, единая всемирная система электронной связи и информации, современный транспорт, превращение английского языка в средство “глобального” общения, масштабные миграции населения - все это размывает национально-государственные перегородки и формирует экономически интегрированный мир.